

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЖАС КЕЗЕҢДЕРІНЕ СӘЙКЕС
ТҮРЛІ БАЛАЛАР ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ ВИДОВ
ДЕТСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ В
СООТВЕТСТВИИ С ВОЗРАСТНОЙ ПЕРИОДИЗАЦИЕЙ**

Астана 2025

*Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі ұйымдарда жас кезеңдеріне сәйкес түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар: Әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2025. – 27 бет.

Пікір берушілер:

Сактағанов Б.К., доцент, PhD доктор

Сабирова Ш. Ш., меңгеруші

Сулейменова А.М., әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар берілген.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 13 хаттама).

Балаларды ерте дамыту институты, 2025 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың заманауи тәсілдері баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғасын жан-жақты, үйлесімді дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы) (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде қалыптастыратын бес негізгі құзыреттіліктер айқындалды. Бұл:

- физикалық қасиеттерді дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Аталған құзыреттіліктер баланың жасына және даму деңгейіне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы іске асырылады. Бұл тәсіл тәрбиелеу-білім беру процесін толық қамтамасыз етеді, баланың білуге, шығармашылыққа, құрдастарымен және ересектермен белсенді өзара әрекет етуге деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың, сондай-ақ мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың маңызды принциптерінің бірі - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) мазмұнын күні бойы ойын түрінде түрлі балалар әрекетін кіріктіру арқылы іске асыру болып табылады. Бұл тәрбиелеу-білім беру процесінің сабақтастығын, қолжетімділігін және балалардың қызығушылығын қамтамасыз етеді.

Ойын әрекеті мектепке дейінгі жаста жетекші әрекет болып табылады, бала дамуының барлық салаларын қамтиды және негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін жағдай жасайды. Ойынның басқа әрекет түрлерімен өзара байланысы (еңбек, танымдық, көркем-эстетикалық, зерттеу, қимыл, коммуникативтік) мектепке дейінгі білім берудің мақсаты мен міндеттерін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, түрлі балалар әрекетін, олардың жас ерекшеліктерін және ұйымдастыру әдістерін зерделеу қолданыстағы Стандарттың талаптарын іске асыру жағдайында ерекше өзекті болып табылады. Бұл педагогтерге тәрбиелеу-білім беру процесінің сабақтастығын, вариативтілігін қамтамасыз ете отырып, кешенді тәсіл негізінде ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлауға және өткізуге мүмкіндік береді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне Стандартта берілген талаптарға сүйене отырып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлі балалар әрекетін жоспарлауда, ұйымдастыруда және іске асыруда әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

ТҮРЛІ БАЛАЛАР ӘРЕКЕТІН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ ТӘСІЛДЕРІ

Мектепке дейінгі білім беру теориясы мен практикасында балалардың әрекетін ұйымдастырудың екі негізгі тәсілі көрсетілген.

Бірінші тәсіл – «еркін тәрбиелеуге» бағытталған.

Бұл тәсіл ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында педагогтер: Ф. Фребель, О. Декроли, М. Монтессори идеяларына негізделді. Олар Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци сынды гуманистік бағыттағы ойшылдардың көзқарастарын дамытты. Олардың негізгі ойы – баланың табиғи қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту, оның өсуі мен өзін-өзі танытуы үшін белсенді әрекет арқылы жағдай жасау.

Бұл тәсіл аясында мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-білім беру процесі баланың дербес және шығармашылық әрекетіне құрылады.

Балалар әрекет түрлері мен нысанын еркін таңдай алады. О. Декроли дербес әрекеттің маңыздылығын атап өтті, онда балалар жаңа білім алып қана қоймай, мысалы, ересектердің шамалы көмегімен коллекциялар құру, балалар журналдарын шығару арқылы алған білімдерін бекітеді.

М. Монтессори баланың еркіндік пен тәуелсіздікке деген ішкі қажеттілігіне назар аударды. Оның жүйесінде педагог жанама ықпал етуші: ол баланы қызықты және мағыналы әрекет арқылы өзін-өзі ұйымдастыруға бағыттай отырып, дамытушы орта мен дидактикалық материалды дайындайды.

Кеңестік педагогикада бұл идеялар жалғасын тапты. 1920-жылдарда балалардың әрекетіне қатаң басшылық жасау олардың шығармашылығын тежейді деген ұстаным қалыптасты. А.П. Усова педагог тек қана жағдай жасап, материал ұсынып, тақырып беріп, тапсырманы орындау тәсіліне араласуы қажет емес деген пікір айтты. Соғыстан кейінгі кезеңде кең таралған тапсырмалар әдісінде баланың бастама мен дербестік танытуына ықпал ететін тапсырмалар болуы қажет екені көрсетілді.

Бүгінгі күні бұл тәсілді қолдайтын педагогтер оның қағидаларын әрі қарай дамытып отыр. Мысалы, И.А. Корепанова Германия балабақшаларында тәрбиешілер күні бойы іске асырылатын тақырыпты (мысалы, жапсыру) хабарлайтынын, бірақ дайын үлгі көрсетпейтінін және нұсқаулар бермейтінін, сондай-ақ әр бала өзіне ыңғайлы уақытта тапсырманы орындайтынын, ал тәрбиеші тек бағыт беретінін атап өтті.

Осы тәсілдің негізгі сипаттамалары:

- әрекетті таңдауда баланың бастамасы мен таңдауына басымдық беру;
- дамытушы орта мен дидактикалық материалдардың рөлі;
- тәрбиеші әрекеттің барысын ұйымдастырушы емес – бақылаушы және көмекші;
- уақыт тек режимдік сәттерге (ұйқы, тамақтану, серуен) бөлінеді, қалған уақыт – еркін әрекет беріледі.

Екінші тәсіл – ересектің үйретуші рөліне негізделген.

Бұл тәсіл баланың әлеуметтік тәжірибені меңгеруі мен оқу дағдыларын қалыптастыру үшін ересектің белсенді рөлі қажет екенін негізге алады.

Мысалы, А.В. Запорожец баланың әрекетін педагогпен қарым-қатынас арқылы сырттай ұйымдастыру керек деп санаған. Бұл тәсілде баланың әрекеті тәрбиешінің бастамасымен ұйымдастырылады және ол міндетті түрде үйрету элементтерін қамтиды: мақсат қою, түсіндіру, кезең-кезеңімен орындату.

Қазіргі кезде осы тәсілді ұстанатын педагогтер тәрбиеленушіге әрекеттің тәсілдерін, құрылымын, орындалу ретін түсіну үшін тәрбиешінің көмегіне мұқтаж екенін айтады. Демек, педагог – бірлескен әрекетке толыққанды қатысушы, бағыттаушы тұлға.

Заманауи талаптар мен жаңа зерттеулер

Қоғамның дамуымен және әлеуметтік контексттің өзгеруімен байланысты баланың дамытушы ортадағы әрекетіне деген көзқарас өзгереді.

В.Т. Кудрявцев 1980-1990 жылдардың аяғында «әрекет» ұғымына мән берілмегенін атап өтті: педагогикалық практикада баланың даму әлеуетіне қарамастан кез-келген белсенділігі әрекет деп аталды.

Зерттеушілер қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру жүйесінде көбінесе өнімді, мағыналы және ынталандырушы әрекетті қалыптастыру бойынша мақсатқа бағытталған жұмыс жоқ екенін көрсетеді. Балалар көп жағдайда дайын тапсырмаларды орындайды, оларға өзбетінше зерттеп, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік берілмейді.

Бүгінгі күні балабақшада балалар әрекетінің екі негізгі түрі бар:

- баланың бастамасы — ол әрекет түрін, оның мазмұнын, серіктестерін өзі таңдайды;

- ересектің бастамасы — педагог бірлескен әрекетті ұйымдастырады немесе педагогикалық қолдау көрсете отырып, баланың дербес әрекетіне жағдай жасайды

Осылайша, мектепке дейінгі педагогикада балалар әрекетін ұйымдастырудың екі негізгі тәсілі қалыптасты:

Біріншісі – еркіндікке, баланың бастамасы мен дербестігіне, ойынмен және ортамен өзара әрекет ету арқылы дамытуға бағытталған.

Екіншісі – оқу әрекетінің элементтерін қолдануға, мақсатты педагогикалық қолдауға бағытталған өзара әрекет.

Екі тәсіл де құнды және тиімді, оларды заманауи практикада сауатты үйлестіру — әр баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеріп, жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

ТҮРЛІ БАЛАЛАР ӘРЕКЕТІ

Стандарт талаптарына сәйкес тәрбиелеу- білім беру процесінде балалар әрекетінің мынадай түрлері көзделеді: ойын, қимыл, зерттеу, шығармашылық, еңбек, танымдық, коммуникативтік, заттық.

Бала дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі түрлі балалар әрекетінің ерекшеліктері

Бөбек жаста (балалар 0 (жаңа туған балалар) - 2 жас) бала ересектермен эмоционалды-жағымды қарым-қатынас орнатады, қарым-қатынас жасауға талпынады (эмоционалды-мәнерлі реакциялар және алғашқы сөздер), сондай-ақ баланың дамуы ересектермен жағдаяттық-іскерлік қарым-қатынас және ересектердің басшылығымен жүзеге асырылатын құрдастарымен эмоционалды-практикалық қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі жаста (3-5 жастағы балалар) ересектермен қарым-қатынас жағдаяттық-іскерлік формадан басқа, жағдаяттық емес-танымдық, жағдаяттық емес-жеке формада жүзеге асырылады; құрдастарымен қарым-қатынас формалары өзгереді, жағдаяттық-іскерлік және жағдаяттық емес-іскерлік қарым-қатынас басым болады.

Ойын әрекеті бөбек жаста бейнелеу, сюжеттік-бейнелеу ойындары, дидактикалық ойыншықтармен ойын түрінде пайда болады. Мектепке дейінгі жаста ойындардың мынадай түрлері ұйымдастырылады: сюжетті-рөлдік, театраландырылған, құрастыру, дидактикалық, қимылды. Педагог баланы алмастырушы заттардың (текшелер, таяқшалар, мата қиындылары, әртүрлі өлшемдегі қораптар және басқа да қауіпсіз және көп атқарымды заттар) көмегімен күнделікті өмірдің қарапайым оқиғаларын бейнелеуге ынталандырады.

Ойын әрекеті мектепке дейінгі балалық шақта өзгереді. Баланың жасы өскен сайын ойынның сюжеті мен мазмұны, оны құру әдістері күрделене түседі; ұйымдастыру формалары (жеке ойындардан, қатар ойнауға және бірлескен әрекеттерге ауысу); ойынның ұзақтығы (бірнеше минуттан бірнеше күнге дейін); ойнайтын балалардың құрамы (екіден бес-жеті балаға дейін). Дәл осы өзгерістерді педагог ойын әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін анықтай отырып ескеруі керек.

Бөбек жаста баланың қимыл әрекеті кеңістікте заттармен қимылдар жасауын, заттарды ұстауын, еңбектеуі мен жүруін, тактильді-қимылды ойындарды көздейді, бала негізгі қимылдарды, жалпы дамытушы жаттығуларды, қарапайым қимылды ойындарды меңгереді.

Мектепке дейінгі жаста негізгі қимылдардың түрлері, жалпы дамытушы жаттығулар, қимылды ойындар күрделене түседі, балалар спорттық элементтері бар ойындарды және басқа ойындарды меңгереді.

Бөбек жаста эксперимент жасау материалдар мен заттармен (құм, су, қамыр) ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі жаста белсенді танымдық-зерттеу әрекеті мен эксперимент жүргізу дамиды.

Бөбек жаста шығармашылық әрекет (мүсіндеу-1 жастағы балалар) және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және құрастыру (2 жастағы балалар) ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі жаста сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, үлгі, шарты және баланың ойлауы бойынша түрлі материалдардан құрастыру.

Бөбек жаста музыкалық әрекет музыка тыңдауға, еліктеу арқылы музыкалық ойындар мен би қимылдарын орындауға бағытталған. Ерте жас тобында бала музыка тыңдауды және ән айтуды, музыкалық-ырғақтық қимылдарды меңгереді.

Мектепке дейінгі жаста музыкалық шығармаларды тыңдау және түсіну, ән айту, музыкалық-ырғақтық қимылдар, балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Бөбек жаста қарапайым еңбек әрекеті өзіне-өзі қызмет көрсету, балалардың қарапайым еңбек әрекеттерін орындау түрінде ұйымдастырылады (бала ойыншықтарды, өзінің заттарын және басқаларды жинайды).

Мектепке дейінгі жаста бала еңбектің барлық түрлерін меңгереді: өзіне-өзі қызмет көрсету, тұрмыстық - шаруашылық, табиғаттағы еңбек.

Балалар әрекетінің жетекші түрлері

Түрлі жас кезеңдерінде мынадай әрекет түрлері жетекші болып табылады:

бөбек жаста заттық әрекет жетекші болып табылады. Бұл танымдық процестердің (қабылдау, ойлау, есте сақтау және басқалар) дамуына, тілді белсенді меңгеруге, заттар әлемін және басқаларды тануына ықпал етеді. Заттық әрекеттің ықпалымен қарым-қатынас, ойын, сюжеттік құрастыру, сурет салу, қарапайым өзіне-өзі қызмет көрсетуі дамиды. Заттық әрекетті меңгерудегі маңызды рөл іскерлік қарым-қатынасқа тиесілі.

Мектепке дейінгі жаста бала үшін жетекші әрекет ойын болып табылады. Ол психикалық функциялардың (ойлау, сөйлеу, есте сақтау, зейін, қиял, барлық психикалық процестер мен мінез-құлық, мотивациялық-қажеттілік саласы және басқалар), әрекет түрлерінің (қарым-қатынас, танымдық, құрастыру, бейнелеу) қалыптасуына, бала тұлғасының толыққанды дамуына (физикалық, адамгершілік, танымдық, эстетикалық және басқалар) ықпал етеді. Сюжетті-рөлдік ойында балалар өздерінің ойлары мен қажеттіліктеріне сәйкес сюжетті ашады және жеткізеді, ойын жағдаяттарын ұйымдастырады, рөлдерге байланысты кейіпкерлердің бірі-бірімен өзара әрекетін жүзеге асырады. Осылайша, олар ересектермен қарым-қатынас жасау жүйесін және қоршаған әлемді, оның алуан түрлі екенін таниды. Ойын қиялдағы (шартты) жағдайда шынайы тәрбиелеу-білім беру міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Әрекет етуде балалардың бастамасы мен дербестігін қолдау

Балалардың әрекеті:

- балалардың дербес әрекетіне жағдай жасай отырып, оларды бірлескен әрекетке тартатын педагогтің бастамасы бойынша;

- балалардың бастамасы бойынша, яғни олар әрекет түрін, оны іске асыру тәсілдерін, мазмұнын, серіктестерін өзбетінше таңдау процесіне белсенді қатысқан кезде жүзеге асырылуы мүмкін.

Баланың бастамасы бойынша ұйымдастырылған әрекет түрлері көбінесе балалардың еркін дербес әрекет түрлерін құрайды. Мұндай түрлі балалар әрекеті балалардың қызығушылықтары мен қалауларына бағытталған және мазмұны бойынша бір-бірімен байланысты. Балалардың қалаулары әртүрлі болуы мүмкін, бұл баланың ойынға қатысуға, әңгіме немесе әнді ойдан шығаруға, билеуге, құрастыруға немесе зерттеуге, сурет салуға және мүсіндеуге деген ұмтылысынан көрінеді.

Сондай-ақ, педагог баланы өзінің бастамасы бойынша әрекетпен айналысуға деген ұмтылысын қолдайды, ол үшін арнайы қолдау тәсілдерін қолданады. Бұл мынадай сұрақтар болуы мүмкін: «Үйді конструктордан немесе картоннан құрастырасың ба?», «Үйді кім үшін құрастырасың?», «Үйді өзің құрастырасың ба, әлде басқа балаларды көмекке шақырасың ба?».

Баланың әрекетін мақұлдау және ынталандыру арқылы бастамасын қолдауға болады: «Өте қызықты идея, сен жасай аласың, сенің қолыңнан келеді», «Ұсақ ойыншықтарға қорап жасауды ойлап тапқаның жақсы болды, енді олар жоғалмайды және оларды іздеудің қажеті жоқ» және басқалар.

Балалардың бастамасы мен белсенділігін қолдау үшін дамытушы ортаны дұрыс ұйымдастыру, оны балаға түрлі балалар әрекетімен айналысуға мүмкіндік беру үшін атрибуттармен және құрал-жабдықтармен толықтыру маңызды. Педагог балаға ойыншықтарды, әрекеттерді, серіктестерді, ойнайтын орынды таңдауға мүмкіндік бере алады; балаларға үлгі көрсете отырып, дербес еркін әрекет етуге тарту (кез-келген қызықты әрекетті өзі бастайды – бояулармен сурет салады, ою-өрнектерді қиып алады және т.б.); проблемалық жағдаяттар тудыру («Балалар мерекеге топты безендірейік, бізде түрлі-түсті қағаздар мен қайшылар бар. Мұны қалай жасауға болады?» және басқалар).

Балалардың бастамасын дамыту үшін олардың қоршаған әлемге деген қызығушылығын қолдауға, балалардың қойған сұрақтарына көңіл бөлу, баланың жаңа білім алуға, өзінің қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді жүзеге асыруға деген ұмтылысын ынталандыру қажет.

Ойын әрекетін ұйымдастыру

Ойын бейнелеу сипатында болады, онда бала өзін қызықтыратын шынайы өмірді көрсетеді, әлеуметтік қарым-қатынастарды түсінуге тырысады. Балалар мұндай тәжірибені экскурсиялар, бақылаулар, серуен, суреттерді карау, мультфильмдер мен кинофильмдерді көру, кітаптардан, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау барысында алады. Ойын табиғаты бойынша рөлдерді бөлумен байланысты балалар арасындағы өзара әрекетке, ойынның түпкі ниетін үйлестіруге, даулы жағдайларды шешуге бағытталған. Ойында ынтымақтастық таныту тәжірибесі балаларда ойын міндеттерін шешуде келісуді талап ететін ұжымдық сипаттағы ойындарда жинақталады.

Балалардың ойын әрекетін дамытудың негізгі тәсілдері:

- ойынға жаңа заттарды қосу;
- ойынға жаңа әрекеттерді енгізу (көрсету, талқылау)
- қоршаған әлемді және әлеуметтік құбылыстарды бақылау және олардың әрекетін, сөйлеу әрекетінің мазмұнын бөліп көрсете отырып, міндетті түрде талқылау;
- әрекетке нақты көңіл бөліп, модельдеуден қарым-қатынасты модельдеуге ауысу;
- сюжетті таңдауға, рөлдерді бөлісуге көмектесу;
- ойындағы қарым-қатынастарды реттейтін ережелерді талқылау;
- дамытушы ортаны ұйымдастыру.

Танымдық әрекетті ұйымдастыру

Баланың танымдық әрекетін дамытудың негізі танымдық белсенділікті қолдау болып табылады. Ол баланың ойындарды өзбетінше таңдауынан, ойынды ұйымдастыруға қатысуынан, қарым-қатынасқа ұмтылысынан, пікірін білдіруінен және болып жатқан оқиғаға деген көзқарасынан және басқа әрекеттерінен көрінеді.

Танымдық белсенділіктің мынадай түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- баланың берілген тапсырманы қабылдауынан, ересектердің жалпы талаптары негізінде әрекет ету тәсілін таңдаудан, үлгіні, сызбаны көрсетуден тұратын орындаушылық белсенділік («Мен көмек күтемін», «Мен күмәнданамын», «Мен де солай істеймін»);
- әрекетті өзбетінше таңдаудан, мақсат қоюдан, бірнеше болжам жасай отырып, жүзеге асыру тәсілін таңдаудан, жеке маңызды нәтиже алудан тұратын шығармашылық (зерттеу) белсенділік («Мен істей аламын!», «Менің қолымнан келеді!», «Маған ұнайды!», «Қандай қызық!»).

Бастамашылдық танытудың практикалық әдістері, ізденістік әрекетінде белсенділікті арттыру арқылы баланы алдағы әрекетке, оның мазмұнына, эмоционалдылығына, маңыздылығына және қатысуға қызықтыру.

Әрекеттің орындалу тәсілін іздестіру барысында баланы зерттеуге ынталандыру маңызды. Ол үшін іздестірудің ықтимал нұсқаларын, барысы мен нәтижесін болжауды («Егер....., онда...», Егер, не өзгереді»), алгоритмдер құруды, ережелер мен шектеулерді нақтылауды, шығармашылық педагогикасының әдістерін қолдануды (шығармашылық ойындардың элементтері, тосынсыйлар, кейіпкерлердің рөліне еніп, ойнау және басқалар) талқылау қажет.

Баланың танымдық әрекетте бастамашылдық таныту тәжірибесін жинақтауы оның жеке жетістігіне айналады және басқа салаларға ауысады.

Еңбек әрекетін ұйымдастыру

Еңбек әрекеті процесінде балаларда ұқыпты болу, киімдерін таза ұстау, ойын бұрышы мен топ бөлмесінде тәртіпті сақтау, өсімдіктерге күтім жасау, ойынға қолөнер бұйымдарын жасау, топты безендіру, ересектерге көмектесу, эстетикалық тұрғыдан тартымды болу қажеттілігін қалыптастырады (ас ішу

құралдарын, ойыншықтарды әдемі орналастыру, төсек-орынды мұқият жинастыру және басқалар).

Еңбек әрекеті балалар әрекетінің басқа түрлерімен байланысты (танымдық, заттық, коммуникативтік). Балалар еңбегінің ойынға жақын екенін атап өткен абзал. Еңбек әрекеті ойын әрекеті барысында пайда болады және дамиды: балалар адамдардың еңбегін көрсетеді (түскі ас дайындайды, киімдерін жуады, «машинаны жөндейді» және басқалар), өздеріне бөлінген рөлдерді бейнелеуге қажетті атрибуттарды (қағаз қайықтар, жол қозғалыс белгілері, жалаулар және басқалар) дайындайды. Біртіндеп еңбек әрекеті ойыннан бөлініп, мектепке дейінгі балалық шақтың соңына қарай дербес әрекетке айналады. Балалар үстелге ас ішу құралдарын қоюға, өсімдіктерді суаруға және ауланы тазалауға, жолдарды қардан тазартуға, ойыншықтар мен кітаптарды жөндеуге көмектеседі.

ТҮРЛІ БАЛАЛАР ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ПЕДАГОГТЕРГЕ ҰСЫНЫМДАР

Балалардың қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен бейімділіктерін анықтау мақсатында олардың белсенділігін жүйелі түрде бақылауды жүзеге асыру түрлі балалар әрекетін ұйымдастырудың қажетті түрлерін, нысандарын, мазмұны мен әдістерін неғұрлым нақты таңдауға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуға саналы көзқарасты қалыптастыра отырып, педагогтер өз білімдерін кеңейту, сондай-ақ ата-аналарды (заңды өкілдерді) түрлі балалар әрекетінің ерекшелігі, мүмкіндіктері мен дамытушы әлеуеті туралы хабардар ету ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымда дамытушы ортаны байыту және икемді ұйымдастыру арқылы балалардың дербес белсенділігі үшін жағдай жасау, ол үшін дамытушы орта қауіпсіз, жайлы, қолжетімді, көп атқарымды, өзгермелі болуы тиіс.

Ата-аналарға (заңды өкілдерге) үй жағдайында дамытушы орта құру бойынша ұсынымдар беру.

Балалардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеру.

Балалардың бастамаларын қолдау (әрекет түрін өзбетінше таңдауға ынталандыру, эксперимент жасауға, қиялдауға, эмоцияларын түрлі әрекет арқылы білдіруге мүмкіндік беру).

ҚОРЫТЫНДЫ

Стандарт түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру және оларды жұмыстың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдана отырып, кіріктіру арқылы жүзеге асырылатын 5 құзыреттілікті айқындайды.

Ойын негізгі әрекет, өйткені ол адамның болмысымен байланысты. Басты ерекшелігі-адамның ойын әрекетін дамыту және жетілдіру мүмкіндігі болып табылады, сондай-ақ жастары мен қызығушылықтары әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасау және өзара әрекет ету үшін жағдай жасау. Ойын құрдастарды және түрлі жастағы адамдарды да біріктіреді.

Ойын әрекеті — бұл нәтижеге емес, әрекеттің процесі мен жүзеге асыру тәсілдеріне бағытталған және баланың шартты (оның нақты өмірінен айырмашылығы) ұстанымын қабылдауымен сипатталатын бала әрекетінің бір түрі.

Баланың танымдық-зерттеу әрекеті объектілер мен құбылыстардың қасиеттері мен байланыстарын тануға, әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал ететін таным әдістерін меңгеруге бағытталған бала әрекетінің дербес нысаны.

Коммуникативтік әрекет — қарым-қатынас орнату және жалпы нәтижеге қол жеткізу мақсатында күш-жігерді үйлестіру мен біріктіруді көздейтін, қарым-қатынаста субъект, әлеуетті серіктес ретінде басқа адаммен өзара әрекет етуге бағытталған бала әрекетінің бір түрі.

Қимыл белсенділігі — бұл баланың қимылдарын жүзеге асыру арқылы дене шынықтыру міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін белсенділік түрі.

Өзіне-өзі қызмет көрсету және тұрмыстық еңбек элементтері — бұл физиологиялық және моральдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін күш салуды қажет ететін және көруге, ұстауға, сезінуге болатын нақты нәтиже беретін бала әрекетінің бір түрі.

Бейнелеу әрекеті — нәтижесінде материалдық немесе сапалы өнім алынатын бала әрекетінің бір түрі.

Түрлі материалдардан құрастыру — баланың кеңістіктік ойлауын дамытатын, болашақтағы нәтижені болжай алатын қабілетін қалыптастыратын, шығармашылықты дамытуға мүмкіндік беретін, сөздік қорды байытатын әрекет түрі.

Музыкалық әрекет — балаға іске асыруға неғұрлым жақын және табысты: тыңдаушы, орындаушы, ойдан шығарушы позицияларды таңдауға мүмкіндік беретін бала әрекетінің бір түрі,

Мектеп жасына дейінгі балалар әрекетінің түрлерін меңгеру мынадай тәртіппен жүреді:

1. Дербес әрекет, оның барысында бала өзін жаңа әрекет түрінде сынап көреді.

2. Қиындықтардың туындауы.

3. Ересектермен және басқа балалармен өзара әрекет: бала алдымен тәрбиешілердің, отбасы мүшелерінің әрекеттерін бақылайды және оларды

қайталайды, содан кейін ересектердің бақылауымен қиындықтарды еңсерудің көрсетілген тәсілдерін ескере отырып, әрекет элементтерін дербес орындайды.

4. Құрдастарымен бірлескен әрекет, тәжірибе алмасу.

5. Дербес әрекет — міндеттерді жылдам шешу жолдарын іздестіруге, шығармашылық тәсілді іске асыруға негізделген әрекет түрі.

Бала дамуының маңызды көрсеткіші — балалар әрекетінің түрлерін меңгеру деңгейі. Бұл кезеңде балаға мектепке дейінгі ұйым педагогтері көмектеседі, олар балалар әрекетінің жетекші түрлерін ұйымдастыра білуі, сонымен қатар тәрбиеленушілердің бірлескен және дербес әрекетін ұйымдастыра білуі қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық
https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2022/12/rukovodstvo_kz_131222.pdf
3. Альтернативное образование в поликультурном обществе: Хрестоматия / Сост. Е.И. Бражник, И.А. Свиридова, В.В. Смирнова. СПб.: Изд-во РГПУ им.А.И. Герцена, 1999;
4. Атарова А.Н. Детские виды деятельности в образовательном процессе детского сада / А.Н. Атарова [Электронный ресурс] // Киберленинка – сайт – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/detskie-vidy-deyatelnosti-v-obrazovatelnom-protsesse-detskogo-sada>
5. Концадайлова О.А. «Основные виды детской деятельности, их соотношение с формами НОД» / Концадайлова О.А [Электронный ресурс] // Сайт Муниципального бюджетного дошкольного образовательного учреждения «Детский сад №252» города Новокузнецка – [pedagogov-2/](http://pedagogov-2.ru)
6. Запорожец А.В. Избранные психологические труды / Под ред. В.В. Давыдова, В.П. Зинченко: В 2 т. Т. 1. М.: Педагогика, 1986.

МАЗМҰНЫ

1	ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА	3
2	БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҒЫЛЫМИ ТӘСІЛДЕР	4
3	ТҮРЛІ БАЛАЛАР ӨРЕКЕТІ	6
4	ТҮРЛІ БАЛАЛАР ӨРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ПЕДАГОГТЕРГЕ ҰСЫНЫМДАР	10
5	ҚОРЫТЫНДЫ	11
6	ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	13

*Разработаны на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Методические рекомендации по организации видов детской деятельности в дошкольных организациях в соответствии с возрастной периодизацией: Методические рекомендации. – Астана, 2025. – 27 стр.

В методических рекомендациях представлены особенности детских видов деятельности на разных этапах развития ребенка, а также представлены рекомендации педагогам по организации видов детской деятельности в дошкольных организациях

Данные методические рекомендации предназначены для педагогов дошкольных организаций.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол № 13 от 26 сентября 2025 года).

Институт раннего развития детей, 2025 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Современные подходы к дошкольному воспитанию и обучению направлены на обеспечение всестороннего, гармоничного развития личности ребенка с учетом его возрастных и индивидуальных особенностей. В соответствии с Государственным общеобязательным стандартом дошкольного воспитания и обучения (приказ МП РК от 3 августа 2022 года №348) (далее - Стандарт), определены пять ключевых компетенций, подлежащих формированию на этапе дошкольного детства. Это:

- физическое развитие,
- развитие коммуникативных навыков,
- развитие познавательных и интеллектуальных навыков,
- развитие творческих навыков, исследовательской деятельности детей,
- формирование социально-эмоциональных навыков).

Указанные компетенции реализуются через интеграцию организованной деятельности, согласно возрасту и уровню развития ребенка. Такой подход обеспечивает целостность воспитательно-образовательного процесса, способствует формированию устойчивого интереса к познанию, творчеству, активному взаимодействию со сверстниками и взрослыми.

